

Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1288 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 тамызда № 14095 болып тіркелді.

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі

_____ Т. Дүйсенова

2016 жылғы 7 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2016 жылғы 27 сәуір

"КЕЛЕСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2016 жылғы 16 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1288 бұйрығына
қосымша

Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-6) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропа келісіміне (КҚЕК) қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы № 2272 Жарлығына сәйкес әзірленді және жолаушылар мен жүктерді автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастырудың және осы құрылғылармен жабдықталуға тиісті автокөлік құралдарында тахографтарды қолдану тәртібін анықтайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарына иелік ететін, жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша ақылы немесе жалдамалы қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

2) ақпаратты көшіру – электрондық (цифрлық) тахографтың жадындағы немесе жүргізушінің карточкасындағы ақпараттың бәрін немесе бөлігін тасымалдаушының бағдарламалық - техникалық құралдарына көшіру;

3) бақылау карточкасы – электрондық (цифрлық) тахографпен жабдықталған көлік құралдарын басқаратын жүргізушінің қозғалыс жылдамдығы режимдерін, еңбек және тынығу режимдерін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, бақылау органдары туралы ақпарат бар карточка;

4) басқа жұмыс – көлік немесе одан тыс сектордағы сол немесе басқа жұмыс берушіге жұмысты қоса алғанда, көлік құралын басқарудан басқа кез келген еңбек қызметі. Бұл термин күту уақытын және басқару үшін қолданылмайтын және жылжымалы көлік құралында, паромда немесе поезда өткізілген уақытты қамтымайды;

5) басқарудың апталық ұзақтығы – бір апта ішінде жалпы жиынтық басқару ұзақтығы;

6) басқарудың күнделікті ұзақтығы - күнделікті демалыстың кез келген екі кезеңі немесе күнделікті және апталық демалыс кезеңдері арасындағы басқару ұзақтығы;

7) бірнеше адамнан тұратын экипаж – көлік құралында демалудың жүйелі күнделікті кез келген екі кезеңі арасындағы немесе күнделікті демалыс кезеңі және демалудың апта сайынғы кезеңі арасындағы оны басқару үшін кем дегенде екі жүргізуші болатын жағдай;

8) демалыс – жүргізуші өз уақытын еркін пайдалана алатын кез келген үздіксіз кезең;

9) диаграммалық дискі – механикалық тахографқа енгізілетін және тіркелуге жататын ақпаратты үздіксіз жазу мен сақтауға арналған дискі;

10) доңғалақтар шиналарының тиімді шеңбері - автокөлік құралының бірнеше жетекші доңғалақтарының, сынақтардың қалыпты жағдайы кезіндегі бір толық айналымда өткен қашықтықтарының орташа мәні;

11) жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау - тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды пайдалана отырып, алдын ала келісілген жол жүру маршруттары, бастапқы және соңғы пункттері, жолаушылар отырғызу және түсіру пункттері белгіленген қозғалыс кестелері бойынша жүзеге асыратын тасымалдар;

12) жүргізуші – көлік құралын басқаратын адам, жол бойымен мал, табын, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушы;

13) жүргізуші карточкасы – жүргізушінің жеке тұлғасын сәйкестендіру және көлік құралдарын жүргізу кезінде жүргізушінің еңбек және демалыс кезеңдері туралы деректерді сақтау үшін қолданылатын карточка;

14) калибрлік белгі - "Өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) талаптарына өлшеу құралының сәйкестігін куәландыратын, оларды калибрлеу нәтижелері бойынша өлшем құралдарына басылатын немесе олардың пайдалану құжатына басуға арналған белгіленген нысандағы шартты белгі;

15) карточканы ұстаушы – осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен берілген карточкасы бар жеке немесе заңды тұлға;

16) кезеңдік тексеру – тахографтың дұрыс қызмет етуін және тахографта үлгісінің ресми бекітілу белгісінің бар болуын, деректері бар тақтайшаның бар болуын, пломбалардың бүтіндігін тексеру;

17) көлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және тынығу режимі туралы ақпарат – карточка ұстаушы жүргізуші, жүргізуші карточкасының нөмірі, жүргізушінің жұмыс және демалыс кезеңдері, жүрген жолы, жылдамдығы және оның еңбек және демалыс режимі туралы қуат күштеріне тәуелсіз электрондық (цифрлық) тахографта немесе жүргізушінің карточкасында сақталатын және тіркелетін ақпарат;

18) көлік құралдарының параметрлерін белгілеу – көлік құралдарының параметрлерін жаңарту немесе бекіту рәсімдері. Көлік құралдарының параметрлеріне: көлік құралының коэффициенті (w), тахографтың тұрақтылығы (k), доңғалақтар шиналарының тиімді шеңбері (l), шиналар өлшемі, жылдамдықты шектеу (егер ол көлік құралына орнатылған болса) туралы ақпарат, дүниежүзілік үйлестірілген уақыт, одомер көрсеткіші, көлік құралының тіркеу белгісі кіреді;

19) күнделікті демалыс кезеңі – ұзақтығы кемінде 12 сағат демалыстың кез келген кезеңі. Балама нұсқа ретінде осы күнделікті демалыс кезеңі екі кезеңге бөлінуі мүмкін, оның біріншісі ұзақтығы кемінде 3 сағат үздіксіз кезең және екіншісі ұзақтығы кемінде 9 сағат үздіксіз кезең;

20) қозғалыс (импульстер) датчигі – көлік құралдарының жылдамдығына және (немесе) жүріп өткен жолына сәйкес сигналдарды өндіретін құрылғы;

21) механикалық тахограф – ақпаратты диаграммалық қағаз дискіге жазу принциптерінде жұмыс істейтін жүргізушінің еңбек және тынығу режимін, жүріп өткен жолды тіркеуді бақылау құрылғысы;

22) өлшем құралын салыстырып тексеру – өлшем құралының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

23) өтініш беруші – электрондық (цифрлық) тахографқа электрондық карточка беру үшін карточкаларды дайындаушыға өтініш білдірген жеке немесе заңды тұлға;

24) сервис орталығы (шеберхана) (бұдан әрі – сервис орталығы) – тахографтарды орнату және қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

25) сервис орталығының (шеберхананың) карточкасы – электрондық (цифрлық) тахографты дәлдеу және көлік құралдарының параметрлерін орнату үшін қолданылатын, сервис орталығы қызметкерлерінің деректемелері бар карточка;

26) тасымалдаушы карточкасы – тасымалдаушыға меншік құқығында немесе басқа да заңды негізде тиесілі көлік құралдары жүргізушісінің еңбек және демалыс режимін бақылау және талдау үшін қолданылатын тасымалдаушының деректемелері бар карточка;

27) тахограф – жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің механикалық не электрондық (цифрлық) бақылау құрылғысы;

28) тахографқа қызмет көрсету - тахографты дәлдеу және жөндеу бойынша жұмыстар жүргізу;

29) тахографты дәлдеу – тахограф пен қозғалыс (импульстер) датчигінің сипаттамаларын келісу рәсімі және кейіннен тахограф барлық көзделген қызметтерді орындай алатын көлік құралдарының параметрлерін орнату. Электрондық (цифрлық) тахографты дәлдеу сервис орталығы карточкасын қолданумен жүзеге асырылады;

30) тахографты жөндеу – тахографтың жұмысқа қабілеттілігін немесе жарамдылығын және оның ресурстарын қалыпқа келтіру жөніндегі операциялар жүйелігі;

31) тексеру белгісі – "Өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына өлшеу құралының сәйкестігін куәландыратын, оларды тексеру нәтижесі бойынша өлшеу құралына немесе олардың пайдалану құжатына басуға арналған белгіленген нысандағы шартты белгі;

32) үзіліс – жүргізуші көлік құралын басқара алмайтын немесе басқа жұмыспен айналыса алмайтын және күшін қайта қалпына келтіру үшін ғана қолданылатын кез келген кезең;

33) электрондық (цифрлық) тахограф – орнатылған чипы бар карточканың көмегімен кодталған цифрлық форматтағы автомобиль жұмысының параметрлері туралы ақпаратты алу принципіне қолданылатын жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеуді бақылау құрылғысы;

34) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындаушы (бұдан әрі – карточкаларды дайындаушы) – электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

35) электрондық (цифрлық) тахографтың электрондық карточкасы (бұдан әрі – карточка) – жүргізушінің еңбек және демалыс режимі туралы деректерді, электрондық (

цифрлық) тахографпен жұмыс істеу үшін қажетті өзге де ақпаратты сақтауға мүмкіндік беретін интегралды микросхемасы бар карточка.

3. Тахографтармен жабдықтауға автобустар, жүк автомобильдері, оның ішінде мыналарды жүзеге асырған кезде пайдаланылатын мамандандырылған автомобильдер:

- 1) қауіпті жүктердің автомобиль тасымалдары;
- 2) жолаушылардың, багаждың және жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары;
- 3) жолаушылардың және багаждың автомобильмен облысаралық қалааралық тұрақты тасымалдары;
- 4) жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) тұрақты емес тасымалдау.

4. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автобустарды, жүк автомобильдерін, оның ішінде арнайы бейімделген автомобильдерді:

- 1) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларыңыз (тахографтарсыз);
- 2) ақауы жоқ тахографты ажыратып;
- 3) диаграммалық дискілерді толтырмай;
- 4) бұрын пайдаланылған диаграммалық дискілерді қолданып;
- 5) электрондық (цифрлық) тахографтарды қолданған жағдайда, электрондық карточкаларды пайдаланбай;
- 6) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей (бақылау құрылғысының ақауы болған жағдайда) пайдалануға жол берілмейді.

5. Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропа келісімінің (бұдан әрі – КҚЕК) қатысушы болып табылатын мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдары Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асырған кезде, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, тахографтармен жабдықталады.

6. КҚЕК-ге қатысушы болып табылмайтын мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдары Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асырған кезде осы автокөлік құралдары жүргізушілерімен еңбек және демалыс режимінің күнделікті тіркеу парақтарын жүргізу жүзеге асырылады.

7. Тахографтармен жабдықтау мынадай автокөлік құралдарымен тасымалдарды жүзеге асырған кезде талап етілмейді:

- 1) жалпы жабдықталған салмағы тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің салмағын қоса алғанда, 3,5 тоннадан аспайтын, қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге

асыратын автокөлік құралдарын қоспағанда, жүк, соның ішінде мамандандырылған (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) автомобильдермен;

2) жолаушылар мен жүктерді, соның ішінде қауіпті жүктерді ұзақтығы 50 километрден аспайтын тұрақты желілерде тасымалдау үшін қолданылатын автокөлік құралдарымен;

3) жолаушыларды тасымалдау үшін қолданылатын және өз конструкциясының және жабдығының күшіне қарай жүргізушіні қосқанда, тоғыздан аспайтын адамды тасымалдайтын және осы мақсатқа арналған көлік құралдарымен;

4) рұқсат етілген ең жоғарғы жылдамдығы сағатына 40 километрден аспайтын автокөлік құралдарымен;

5) қарулы күштер, азаматтық қорғау органдары, өрт сөндіру қызметі мен ішкі істер органдары қарамағындағы автокөлік құралдарымен;

6) төтенше жағдайларда немесе құтқару операциялары барысында пайдаланылатын автокөлік құралдарымен;

7) медициналық мақсатта пайдаланылатын арнайы автокөлік құралдарымен;

8) қауіпті жүктердің өндірісі, қайта өңделуі, сақталуы, қолданылуы немесе жойылуы жүзеге асырылатын ұйымдардың аумақтары ішінде олардың технологиялық қозғалысын жүзеге асыратын автокөлік құралдарымен, егер мұндай қозғалыстар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына, сондай-ақ қалалар мен елді мекендердің көшелеріне, жалпы пайдаланымдағы автокөлік құралдарының қозғалысы рұқсат етілетін шаруашылық автомобиль жолдарға шығусыз жүзеге асырылатын болса;

9) қауіпті жүктерді, мұндай жүктер Қауіпті жүктерді халықаралық тасымалдау туралы еуропалық келісіммен (бұдан әрі - ҚЖХЖТ) реттелген көлемдерден аспайтын мөлшерде бөлшек саудада сату үшін буылып-түйілген және тікелей тұтынуға, тұрмыста пайдалануға, демалысқа немесе спортқа арналған жағдайда, олардың тасымалдарын жүзеге асыратын автокөлік құралдарымен;

10) ҚЖХЖТ-ға сәйкес анықталған қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығына әсер етуі мүмкін емес және қауіпті емес жүктердің тасымалы деп есептеуге болатын қауіпті заттардың шектеулі мөлшерін бір автокөлік құралында тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарымен тасымалдауды қауіпті жүкті тасымалдау емес деп есептеуге болады;

11) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлік құралдары болып табылмайтын және ішкі немесе пайдалану жабдығында қауіпті жүктері бар машиналар мен механизмдерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарымен.

8. Қазақстан Республикасындағы автокөлік құралдарында қолданылатын тахографтар КҚЕК-дің талаптарына сәйкес келеді және Заңның 17-бабына сәйкес берілген тахографтың типін бекіту туралы сертификат, сондай-ақ тексеру туралы сертификаты және тексеру белгісінің бедері бар.

2. Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режиміне және оны тіркеуге қойылатын талаптар

9. Басқарудың күнделікті ұзақтығы 8 сағаттан аспайды.

10. Басқарудың апталық ұзақтығы 40 сағаттан аспайды.

11. Басқарудың жалпы ұзақтығы кез келген жалғасқан екі аптаның ішінде 80 сағаттан аспайды.

12. Басқару кезеңдері КҚЕК Уағдаласушы тараптарының аумағында басқарудың кез келген уақытын қамтиды.

13. Үздіксіз төрт сағат басқарған кезеңнен кейін, егер демалыс уақыты келмесе, жүргізуші кемінде 30 минут үзіліс жасайды.

14. Бұл үзіліс ұзақтығы кемінде 15 минут үзіліспен ауыстырылады, одан кейін басқару кезеңі төрт сағат ішінде немесе бірден осы кезеңнен кейін үлестірілетін ұзақтығы 15 минут үзіліс келеді.

15. Осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарының негізінде сақталатын үзілістер күнделікті демалыс кезеңдері ретінде қаралмайды.

16. Жүргізуші ұзақтығы 12 сағаттан кем емес күнделікті және ұзақтығы 48 сағаттан кем емес апта сайынғы демалыс кезеңдерін пайдаланады.

17. Алдыңғы күнделікті демалыс кезеңінің немесе апта сайынғы демалыс кезеңінің бітуі бойынша жүргізуші әрбір 24 сағаттық кезеңі ішінде жаңа апта сайынғы демалыс кезеңін пайдаланады.

18. Осы Қағидалардың 17-тармағынан ауытқуда күнделікті немесе апта сайынғы демалыс кезеңі аяқталғаннан кейін 30 сағат ішінде бірнеше адамнан тұратын экипаждың құрамына кіретін жүргізушінің ұзақтығы кемінде 9 сағат жаңа күнделікті демалыс кезеңі болады.

19. Апта сайынғы демалыс кезеңі алдыңғы апта сайынғы демалыс кезеңі аяқталғаннан кейін басталатын бес 24 сағаттық кезеңнің аяқталуы бойынша кешіктірілмей басталады.

20. Егер онда көлік құралының құрылымымен қарастырылған әрбір жүргізушінің ұйқысы үшін арнайы орнатылған жабдық болса, осы көлік құралы тұрақта болса, жүргізушінің қалауы бойынша күнделікті демалыс кезеңі тіркелу орнынан тыс көлік құралында пайдаланылады.

21. Бірнеше адамнан тұратын экипаж жүргізушілерінде әрбір аптада кемінде 48 сағат қалыпты апта сайынғы демалыс кезеңі болады.

22. Екі аптаға түсетін апта сайынғы демалыс кезеңі осы апталардың кез келгеніне жатқызылады, бірақ екеуіне бірден емес.

23. Егер жүргізуші маршрут учаскесінде паромда немесе темір жол бойынша тасымалданатын автокөлік құралын алып жүрсе, оның ұйықтайтын орны болады және оның күнделікті демалуы екіден артық емес үзіледі. Бұл үзіліс тиеуге дейін немесе

түсіруден кейін бір сағаттан аспайды. Бұл ретте кедендік рәсімдеу бойынша операциялар тиеу немесе түсіру операциясына қосылады.

24. Жол жүру қауіпсіздігіне қауіп төндірмеу және қолайлы тұрақ орнына қол жеткізу үшін жүргізуші автокөлік құралында бар тұлғалардың, автокөлік құралының немесе онда бар жүктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде осы Қағидалардың ережелерінен ауытқиды. Жүргізуші ережелерден ауытқудың сипаты мен себептерін тіркеу парағында, диаграммалық дискіде немесе бақылау құрылғысының басылымында тиісті тұрақ орнына келген сәттен кешіктірмей көрсетеді.

25. Тасымалдаушы экипаж мүшелерін осы Қағидалардың ережелерін сақтау үшін автомобиль тасымалын ұйымдастырады және оларға тиісті түрде нұсқау береді.

26. Тасымалдаушы жеке бақылау кітапшаларын пайдалана отырып, басқару уақытын, басқа жұмыс сағаттарын және демалыс уақытын әрдайым бақылап отырады. Егер осы Қағидалардың бұзылуы табылған кезде оларды жойып, келешекте оларға жол бермеу үшін шаралар қабылдайды.

27. Тасымалдаушы тасымалдардың келісілген шарттық кестелерін жасау кезінде осы Қағидалар ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

28. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес диаграммалық дискілер бақылау құрылғысының қалыпты қолданылуын қиындатпайтындай, ал онда бар жазбалар өшірілмейтін және жеңіл оқылатындай болады.

29. Диаграммалық дискілер өзінің өлшемі мен оған түсірілген жазбаларды, дымқылдық пен температураның қалыпты жағдайларында, кемінде бір жыл бойы сақтайды.

30. Жұмыс күнінің басында, тәуліктік жұмыс аяқталғаннан кейін, сондай-ақ автокөлік құралы ауыстырылған жағдайда, бір жұмыс күні ішінде әрбір жүргізуші диаграммалық дискіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес диаграммалық дискіні толтыру тәртібі бойынша тиісті жазулар жазады. Дискі үш автокөлік құралына дейін ауыстыру туралы жазуды қамтамасыз етеді.

31. Диаграммалық дискілердегі жазбалардың ең төменгі мүмкін ұзақтығы, олардың нысанына қарамастан, 24 сағатты құрайды.

32. Автокөлік құралдарының жүргізушілері:

1) тахографтардың дұрыс пайдаланылуын, оның уақтылы қосылуын және тахограф жұмысының тиісті режимдеріне ауыстырылуын қамтамасыз етеді;

2) диаграммалық дискілердің уақтылы орнатылуын, ауыстырылуын және тиісті толтырылуын жүргізеді, сондай-ақ олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Ластанған немесе зақымдалған диаграммалық дискілерді пайдалануға жол берілмейді. Жазбалары бар диаграммалық дискі зақымдалған жағдайда, жүргізуші зақымдалған дискіні оны ауыстыру үшін пайдаланылатын қосымша дискіге қосады;

3) диаграммалық дискіні, оны қабылдап алған күннен бастап жүргізуші көлік құралын басқарған әр күн сайын пайдаланады;

4) тахограф істен шыққан кезде, еңбек және демалыс режимінің жазбасын диаграммалық дискінің (тахографтан басылып шығарылған қағаздың) сыртқы жағында оған түсірілген тиісті графикалық белгілерді пайдалана отырып қолмен жүргізеді және ақауларды жою үшін қозғалыс бағыты бойынша ең жақын сервис орталығына өтініш жасаумен шаралар қабылдайды. Жүргізушілер автокөлік құралынан тысқары болып, бақылау құрылғысын пайдаланбаған жағдайда, олар өздерінің диаграммалық дискілеріне іс-әрекеттері мен демалысы туралы мәліметтерді қолмен енгізеді;

5) автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның мамандарына алдағы аптаның өткен 28 күнтізбелік күніне толтырылған диаграммалық дискілерін, тахографты тексеру туралы сертификатты, сонымен бірге тахографты кезең сайын тексеру туралы куәлікті тапсырады. Егер, жүргізуші ауыруына байланысты демалыста немесе жыл сайынғы еңбек демалысында болса немесе ол осы Қағидалардың ережелеріне қолданылмайтын көлік құралын жүргізген болса, ол осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрекетін растау бланкісін тапсырады.

33. Тасымалдаушы:

1) пайдалану ұзақтығын және бүліну немесе бақылау органдары алып қойған жағдайда ауыстыру мүмкіндігін ескере отырып, диаграммалық дискілердің қажетті санын жүргізушілерге береді;

2) әр жүргізушінің толтырылған диаграммалық дискілерін соңғы жазба жазылған күннен бастап кемінде 12 ай бойы және тахографтарды тексеру туралы куәліктерді тахографтарды кезең сайын тексеру туралы куәліктерімен бірге оларды берген уақыттан бастап 3 жыл бойы сақтайды;

3) қолдарында бар толтырылған диаграммалық дискілерді пайдалана отырып, жүргізушілермен жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимін сақтауын қамтамасыз етеді, диаграммалық дискілердегі деректерді талдайды және бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, оларды жою шараларын қабылдайды;

4) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның қызметкерлеріне ұсынады.

34. Тасымалдаушы көлік құралдарын жүргізушілердің еңбек және демалыс режимі туралы ақпаратты бағдарламалық-техникалық құралдарда сақтайды.

35. Көлік құралдарын жүргізушілердің еңбек және демалыс режимі туралы ақпаратты сақтау оны электрондық (цифрлық) тахографтан немесе жүргізуші карточкасынан автомобиль тасымалдаушысының бағдарламалық-техникалық құралына көшіру арқылы жүзеге асырылады.

36. Тасымалдаушы ақпаратты сақтау үшін қолданатын бағдарламалық-техникалық құралдары:

1) ақпаратқа заңсыз түрде қол жеткізудің алдын алады;

2) ақпараттың өзгертілмеуін және сақталуын қамтамасыз етеді;

3) ақпаратты ауыспалы тасығышқа резервтік көшіруді жүзеге асыруға арналған құралмен жаракталады;

4) тіркелген ақпаратты көшіру үшін электрондық (цифрлық) тахографқа немесе жүргізуші карточкасына қосылуды қамтамасыз етеді.

37. Көлік құралдарын жүргізушілердің жұмыс режимі туралы ақпарат тасымалдаушыда 3 жылдан кем емес сақталады.

38. Сервис орталығы автомобильдерге орнататын электрондық (цифрлық) тахографтар мынадай талаптарға сай болады:

1) автомобильдерге орнатылатын электрондық (цифрлық) тахографтардың түрі мен маркасы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне (бұдан әрі – МӨЖ тізілімі) енгізіледі;

2) тексерілген, дұрыс істейтін және қолдануға жарамды.

39. Тахографтарды орнату және қызмет көрсету электрондық (цифрлық) тахографтарды дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Тасымалдаушы автокөлік құралы жүргізушісінің еңбек және демалыс режимі туралы ақпаратты кәсіпорынның бағдарламалық-техникалық құралдарына көшіреді.

41. Жүргізуші карточкасынан немесе электрондық (цифрлық) тахографтан көлік құралы жүргізушісінің еңбек және демалыс режимі туралы ақпаратын тасымалдаушының бағдарламалық-техникалық құралдарына көшіру:

1) кезеңмен, бірақ жүргізуші картасынан 28 күнтізбелік күнде бір реттен және электрондық (цифрлық) тахографтан 90 күнтізбелік күнде бір реттен кем емес;

2) көлік құралын иеліктен шығару алдында;

3) көлік құралын жалға (лизингке) беру алдында;

4) көлік құралын пайдаланудан шығару алдында жүзеге асырылады.

42. Электрондық (цифрлық) тахографтан ақпаратты бағдарламалық-техникалық құралдарға көшіру мүмкін емес болған жағдайда тасымалдаушы ақпаратты ауыстыру мүмкіндігінің жоқтығы жөніндегі анықтаманы алу үшін сервис орталығына хабарласады.

43. Автокөлік құралы жүргізушісінің еңбек және демалыс режимі туралы ақпаратты жүргізуші карточкасынан тасымалдаушының бағдарламалық-техникалық құралдарына көшіру:

1) көлік құралы жүргізушісінің әрбір жол парағын өткізу кезінде, бірақ 28 күнтізбелік күнде бір реттен кем емес;

2) көлік құралы жүргізушісінің еңбек қызметі тоқтатылған кезде, бірақ оның осы тасымалдаушыдағы жұмыс істеген соңғы күнінен кеш емес жүзеге асырылады.

44. Көлік құралы жүргізушісінің жұмыс режимін бақылау көлік құралы жүргізушісінің еңбек және демалыс режимі туралы ақпараттың бағдарламалық-техникалық құралдарға көшірілген күні жүзеге асырылады.

45. Көлік құралы жүргізушісінің еңбек және демалыс режимі туралы ақпаратты ауыспалы тасығышқа резервтік көшіру бір айда 2 реттен жиі емес жүзеге асырылады.

3. Тахографтарды орнату және пайдалану жөніндегі талаптар

46. Жеке немесе заңды тұлғалар тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыруды бастар алдында "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдарға белгіленген нысанда хабарлама жібереді.

47. Тахограф автокөлік құралында жүргізуші өз орнынан спидометр, жүріс есептеуіш пен сағаттың көрсетулеріне бақылау жасай алатындай етіп орнатылады.

48. Тахограф, орнату кезінде тексерілгеннен (кезеңдік инспекциядан) кейін, автокөлік құралында құрылғының жанында немесе құрылғының өзінде көрінетін жерде орнатылуы туралы деректері бар тақтайша орнатылады. Әрбір тексеруден кейін, құрылғының деректерін өзгерту қажет болған жағдайда, бұрынғы тақтайшаның орнына жаңа тақтайша орнатылады.

49. Кезеңдік тексерулер жылына кемінде бір рет жүргізіледі және мынадай тексерулерді қамтиды:

- 1) бақылау құрылғысы жұмысының дұрыстығы;
- 2) бақылау құрылғысында үлгісінің ресми бекітілу белгісінің бар болуы;
- 3) орнату немесе тексеру туралы тақтайшаның бар болуы;
- 4) доңғалақтар шиналарының тиімді шеңберінің нақты мәні;
- 5) бақылау құрылғысы мен басқа да бөліктердегі пломбалардың бүтіндігі.

50. Пайдалану барысында тахографтармен өлшенетін нақты параметрлердің барынша рұқсат етілген параметрлерден ауытқуын тексеру жылына бір рет мерзімдерден сиретілмей өткізіледі. Бұл сынақтар барысында орнату деректері бар тақтайшаларды ауыстыру жүргізіледі.

51. Тахографтар "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшыларға және өлшем құралдарын салыстырып тексерушілерге аттестаттау және қайта аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптар қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 8063 тіркелген) бекітілген тәртіппен аттестатталған ұйымдар мен кәсіпорындарда тексеріледі.

52. Тахографтарды тексерудің оң нәтижелері ҚР СТ 2.4 - 2007 "Өлшем құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі" мемлекеттік стандартымен белгіленген нысан бойынша оның тексеру туралы сертификатпен және тексеру

таңбасымен куәландырылады. Тахографты тексеру туралы сертификат кезеңдік тексеру куәлікпен бірге кемінде 1 жыл ішінде сақталып, бақылаушы органдардың талабы бойынша ұсынылады.

53. Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізуден бұрын:

1) электрондық (цифрлық) тахографтың таңбалануының және жиынтығының пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкестігін тексеру;

2) электрондық (цифрлық) тахографта үлгінің ресми бекіту белгісі бар екендігін тексеру;

3) электрондық (цифрлық) тахографта көрсеткіштерді алуды қиындататын зақымдардың жоқтығын, электрондық (цифрлық) тахографтың алдыңғы панелінде кнопкаларды ауыстырып қосу мүмкіндігін, термопринтерді ашу және жабу мүмкіндігін, қозғалыс (импульс) датчигінің қосу ажыратқышының тұтастығын, сервис орталығы карточкасының айқын орналасуын және бекітілуін тексеру;

4) тахографты орнату және оған қызмет көрсету туралы деректері бар тақтайшаның бар-жоғын тексеру, сондай-ақ тақтайшада көрсетілген ақпараттың электрондық (цифрлық) тахографтың қуат күшіне тәуелсіз жадында сақталған ақпаратпен салыстыру;

5) бұрын электрондық (цифрлық) тахографқа және қозғалыс (импульс) датчигіне салынған пломбалардың қалпын қарауды өткізу қажет.

54. Пломбаларды бұзу, пломбаларды қолдан жасау немесе тақтайшада көрсетілген көлік құралының параметрлері туралы ақпараттың электрондық (цифрлық) тахографта қамтылған ақпаратпен сәйкес келмеу фактілері анықталған жағдайда, сервис орталығының қызметкері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тахографтармен жұмысты есепке алу журналына тиісті жазба жазады және бұл туралы сервис орталығының басшылығына хабарлайды.

55. Артқы көпірдің екі немесе одан көп жеткізгіштер саны бар көлік құралы бұл жеткізгіштер санын көлік құралында орналастырылған электрондық (цифрлық) тахографтың жеткізгіш санымен автоматты түрде сәйкестендіріп отыратын ауыстырғыш құрылғымен жабдықталуы тиіс.

56. Электрондық (цифрлық) тахографты дәлдеу оны орнатқаннан кейін жүзеге асырылады.

57. Көлік құралының параметрлерін орнату мынадай жағдайларда жасалады:

1) көлік құралына электрондық (цифрлық) тахографты орнату кезінде;

2) егер электрондық (цифрлық) тахографтың дүниежүзілік үйлестіру уақытының қатесі 20 минуттан асатын болса;

3) көлік құралының тіркеу белгісін ауыстырған жағдайда;

4) кезеңдік тексерулер (кезеңдік инспекциялар) кезінде.

58. Көлік құралының параметрлерін орнатқанда параметрлер өлшемінің ағаттығы электрондық (цифрлық) тахографты дайындаушы зауыттардың техникалық құжаттамаларына және КҚЕК-дің талаптарына сәйкес анықталады.

59. Көлік құралының параметрлерін орнату өткізілгеннен соң көлік құралының кабинасында электрондық (цифрлық) тахографтың қасындағы көрінетін жерде немесе электрондық (цифрлық) тахографтың өзіне мынадай ақпараттар көрсетілген тақтайша орнатылады:

- 1) сервис орталығының атауы және орналасқан жері;
- 2) көлік құралының коэффициенті туралы деректер мынадай қалыпта " $w = \text{айн/км}$ " немесе " $w = \text{имп/км}$ ";
- 3) доңғалақтар шиналарының тиімді шеңбері туралы деректер мынадай қалыпта: " $l = \text{мм}$ ";
- 4) электрондық (цифрлық) тахографтың тұрақтылығы туралы деректер мынадай қалыпта: " $k = \text{айн/км}$ " немесе " $k = \text{имп/км}$ ";
- 5) көлік құралының коэффициенті мен доңғалақтар шиналарының тиімді шеңберін өлшеу күндері;
- 6) көлік құралы шассиінің нөмірі;
- 7) электрондық (цифрлық) тахографтың нөмірі.

60. Тақтайша металдан, полимерлік материалдардан немесе қағаздан жасалады. Тақтайшаны бекіту үшін ажырамайтын біріктіргіш қолданылады. Көлік құралының параметрлерін келесі орнатуы жүргізілгенге дейін тақтайшаға ақпаратты жазу тәсілі кескіннің айқындылығына және ақпараттың сақталуына әсер етпейді. Ақпарат арнайы құралда (принтерде) баспа шрифтiмен енгізіледі.

61. Электрондық (цифрлық) тахографты орнатқан немесе алмастырған жағдайда сервис орталығы қызметкерінің электрондық (цифрлық) тахографқа ендірген көлік құралының бекітілген параметрлері КҚЕК-ге сай жоғарғы мүмкін ауытқулар талаптарына сәйкес келеді.

62. Электрондық (цифрлық) тахографтың қуат күшіне тәуелсіз жадына сервис орталығының механигі ендірген және сервис орталығының карточкасында тіркелген көлік құралының бекітілген параметрлері сервис орталығының карточкасында сақталулы деректерді рұқсатсыз көшіріп алудан немесе өшіріп тастаудан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында үнемі компьютерге толтырылады.

63. Электрондық (цифрлық) тахографты дәлденгеннен және электрондық (цифрлық) тахографқа көлік құралының параметрлері ендірілгеннен соң, электрондық (цифрлық) тахограф тексеруге жатады.

64. Пломбалар мынадай элементтерге (егер көлік құралының конструкциясында ескерілген болса) салынады:

- 1) орнатылғаны туралы деректер бар тақтайшаға, онда көрсетілген таңбаларда зақымдамай (құртпай) оны алу мүмкін болмаған жағдайлардан басқа;

2) электрондық (цифрлық) тахограф пен көлік құралының арасындағы жалғаушы тораптар;

3) жетекші көпірдің екі немесе одан көп жеткізгіштер саны бар көлік құралдары үшін ауыстырғыш механизм;

4) ауыстырғыш механизмді электрондық (цифрлық) тахографтың басқа бөлшектерімен қосатын учаскелер;

5) электрондық (цифрлық) тахографтың және қозғалыс (импульс) датчигінің корпусы;

6) электрондық (цифрлық) тахографты дайындаушы зауыт пломба салуды көздеген жағдайдағы басқа да элементтер.

65. Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген белгінің нысаны, мазмұны және бедері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келеді.

66. Сервистік орталыққа белгі бедерінің (таңбасының) нөмірін беру тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғаларды тізілімге енгізілуіне қарай жүзеге асырылады.

67. Субъектінің өтініші бойынша, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімі бойынша тізілімнен алып тастау кезінде сервистік орталық белгі бедерінің (таңбасының) нөмірі кем дегенде екі жыл мерзімінде резервте сақталады.

68. Тізілімнен алынып тасталынған сервистік орталықтың мөртамбасы және таңбасы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелердің лауазымдық тұлғаның қатысуымен жойылады, ол туралы тиісті акт жасалады.

69. Резервте сақталған сервистік орталыққа белгі бедерінің (таңбасының) нөмірі осы Қағидалардың 72-тармағына сәйкес екі жыл өткен соң басқа сервистік орталыққа беріледі.

70. Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан сервистік орталық белгісінің бедерінде (таңбасында) елдің халықаралық аббревиатурасы мен KZ 000 түріндегі сервистік орталықтың нөмірі болады.

71. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган сервистік орталықтың белгісі және таңбаның бедері туралы Көлік жөніндегі еуропалық комиссияға және КҚЕК-ге қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарын хабардар етеді.

72. Электрондық (цифрлық) тахографты орнату, егер ол бұдан бұрын басқа көлік құралына орнатылған болса, немесе оны жөндеу алдында сервис орталығы электрондық (цифрлық) тахографтағы ақпаратты сервис орталығының бағдарламалық-техникалық құралына немесе ауысымды ақпарат тасығышқа көшіреді.

73. Электрондық (цифрлық) тахографтағы ақпаратты көшіру электрондық (цифрлық) тахографтың моделіне тәуелсіз жүзеге асырылады.

74. Электрондық (цифрлық) тахографтан сервис орталығының бағдарламалық-техникалық құралына көшірілген ақпарат жазбаша өтініш бойынша көлік құралының иесіне немесе оның жазбаша өтініші бойынша үшінші тұлғаға беріледі.

75. Электрондық (цифрлық) тахографтағы ақпаратты көшіру мүмкін болмаған жағдайда көлік құралының иесіне ақпаратты көшіру мүмкінсіздігі туралы еркін формадағы құжат беріледі. Бұл құжат басшының қолымен және сервис орталығының мөрімен бекітіледі.

76. Егер ақпаратты тек ішінара көшірілсе, онда көрсетілген құжатта электрондық (цифрлық) тахографтың энергияға тәуелсіз жадынан оқылуы мүмкін емес ақпарат туралы ғана деректер көрсетіледі.

77. Тахографты орнату және оған қызмет көрсету бойынша жүргізілген барлық жұмыстар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тахографтармен жұмысты есепке алу журналына жазылады.

78. Тахографтарды пайдалану осы Қағидалардың, ЕҚЕК және өндіруші зауытымен белгіленген пайдалану нұсқауына сәйкес жүргізіледі.

4. Тахографтарды орнатуды және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын сервис орталықтарына (шеберханаларға) қойылатын талаптар

79. Сервис орталығы аумағының өлшемдері онда мынадай элементтерді орналастыру мүмкіндігін көздейді:

1) өндірістік үй-жайларын;

2) интернетке қосылған жабдықтарын;

3) көлік құралының параметрлерін қою үшін арнайы роликті стенд немесе ұзындығы 35 метрден кем емес түзу жол учаскесі;

4) өндірістік үй-жайға кірме жол;

5) көлік құралдарына арналған тұрақтар.

80. Сервис орталығының аумағын жобалау кезінде мынадай нормалар ескеріледі:

1) тәуліктің қараңғы уақытында сервис орталығының аумағын, сондай-ақ кіретін (шығатын) жолдарда жасанды жарықтың болуы;

2) кірме жолдардың тегіс және қатты қабаты, көлік құралдары үшін тұрақтардың болуы;

3) тұрақ аумағында қоршаудың болуы.

81. Автокөлік құралына электрондық (цифрлық) тахографты орнату жөніндегі жұмыстар қарау шұңқырының немесе көтергіш механизмдерінің болған жағдайда жүргізіледі.

82. Қарау шұңқырының өлшемі онда қызмет көрсетілетін көлік құралдарының ең үлкен ұзындығы және кіру мүмкіндігін есепке алып, анықталады.

83. Автокөлік құралына параметрлерді жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш жағдайында орнатуды іске асыратын жұмыс орны көлік құралының түтін мұржасынан шығатын лас газдарды аластату мен тазалау жүйелерімен жабдықталады.

84. Өндіріс алаңдары тахографтарды орнатуды және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыру, электрондық (цифрлық) тахографтың қуат күшіне тәуелсіз жадынан немесе сервис орталығының (шеберхананың) карточкасынан тасымалданған ақпараттарды сақтайтын бағдарламалық-техникалық құралдарды орналастыру үшін бөлек үй-жайды қамтиды.

85. Үй-жай жалпы алмастырылатын ауаны тазарту-шығару желдеткішімен, жарықпен, жылытумен, өрт сөндіру құралдарымен, сондай-ақ сервистік орталықтың карточкаларын және ақпараттың резервтік көшірмесін ауысымды тасығышта сақтау үшін сейфпен немесе темір жәшікпен жабдықталады.

86. Сервис орталықтарымен тахографты орнату және оған қызмет көрсету үшін қолданатын өлшеу құралдары ҚР МӨЖ тізіліміне енгізілуі және тексерілуі тиіс.

87. Сервис орталықтары, номенклатурасы электрондық (цифрлық) тахографтарды жасаушы зауыттардың техникалық құжаттамасымен анықталған, қажетті технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

88. Көлік құралының өлшемдерін орнату роликті стендте немесе ұзындығы 35 метр түзу жол бөлігінде жүзеге асырылады.

89. Сервис орталығы электрондық (цифрлық) тахографтың қуат күшіне тәуелсіз жадындағы ақпаратты оқуға, электрондық (цифрлық) тахографтың жұмыс істеу қабілетін тексеруді жүзеге асыруға және оны бағдарламалауға мүмкіндік беретін техникалық құралдары және бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталады.

90. Жұмыс жүргізу кезінде кернеу қоректілігі 36 вольттан аспайтын етіп есептелген тасымалды жарық аспаптарын, қарау шұңқырындағы жұмыстар кезінде қолданылатын тасымалды жарық аспаптарының кернеу қоректілігі 12 вольттан аспайтын аспаптарын қолдануға болады.

91. Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету бойынша жұмыстарды тиісті тахограф дайындаушы зауыттарда немесе олардың уәкілетті ұйымдарында оқыған сервис орталығының қызметкерлері жүзеге асырады.

92. Сервис орталығының қызметкері өзінің атына берілген сервис орталығының карточкасын тек қана тахографтардың орнату және оларға қызмет көрсету процесінде ғана пайдаланады.

93. Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын сервис орталығының қызметкері:

1) көлік құралының параметрлерін орнату жөніндегі деректерді сервис орталығының карточкасына жазады;

2) сервис орталығының басшылығына сервис орталығы карточкасының жоғалғаны, ұрланғаны немесе зақымданғаны туралы шұғыл түрде хабарлайды;

3) сервис орталығы карточкасының PIN-кодын басқа адамдарға жария етпейді;

4) сервис орталығының басшылығына сервис орталығы карточкасының PIN-коды басқа адамдарға мәлім болғаны туралы шұғыл түрде хабарлайды;

5) сервис орталығы карточкасын басқа адамдардың қолдану ықтималдығы туралы хабарлайды;

6) сервис орталығы карточкасын тек қана сервис орталығының аумағында қолданады;

7) тұрақты, бірақ 28 күнтізбелік күнде бір реттен кем емес, ақпаратты сервис орталығы карточкасынан сервис орталығының ақпараттық базасына көшіруді қамтамасыз етеді;

8) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету бойынша орындалған жұмыстар туралы ақпаратты тіркеу мен есепке алу журналын жүргізеді.

94. Сервис орталығының бағдарламалық-техникалық құралдары:

1) электрондық (цифрлық) тахографқа, онда тіркелген ақпаратты көшіру үшін, қосылуды;

2) сервис орталығының карточкаларына, онда тіркелген ақпаратты көшіру үшін, қосылуды қамтамасыз етеді;

3) ауысымды ақпарат тасығышқа ақпаратты резервті көшіруді жүзеге асыру үшін құрылғылармен жабдықталады.

95. Электрондық (цифрлық) тахографтың қуат күшіне тәуелсіз жадынан немесе сервис орталығының карточкаларынан көшірілген ақпарат үшінші адамдардың қол жетімділігін болдырмайтын жағдайда сақталады.

96. Электрондық (цифрлық) тахографтан көшірілген ақпараттың сақталу мерзімі 12 айдан кем емес, сервис орталығының карточкасынан көшірілген ақпарат – 24 айдан кем емес уақытты құрайды.

97. Көшірілген ақпараттың резервтік нұсқасы сервис орталығының сейфінде немесе металлды жәшігінде 24 айдан кем емес мерзімде сақталады.

98. Сервистік орталықтар өздерінің бағдарламалық-техникалық құралдарын электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқорға қосуды қамтамасыз етеді.

5. Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету бойынша қызметтің жүзеге асырыла басталғаны туралы хабарламаны берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу тәртібі

99. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары тахографтарды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге

асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді.

100. Жеке немесе заңды тұлғалар тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастар алдында аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына "Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 10194 тіркелген) белгіленген нысанда хабарлама жібереді.

101. Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан жері, хабарламада көрсетілген қызметті немесе іс-қимылды жүзеге асыру мекенжайы, сондай-ақ хабарламада толтыру үшін ол туралы ақпарат міндетті болып табылатын тіркеу деректері өзгерген жағдайда, субъект он жұмыс күні ішінде көрсетілген өзгерістер туралы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына хабарлама береді.

102. Тізілімнен алып тастау субъектінің өтініші бойынша, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

6. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттау, дайындау және беру тәртібі

103. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындауды және беруді "Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 10194 тіркелген) бекітілген нысандағы хабарламаны автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға берген жеке немесе заңды тұлғалар жүзеге асырады.

104. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметтің жүзеге асырыла бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін (бұдан әрі – карточкаларды дайындаушылар тізілімі) автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

105. Карточкаларды дайындаушыларды тізілімнен алып тастау субъектінің өтініші, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

106. Карточканы дайындаушы электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама беру кезінде ЕҚЕК талаптарына сәйкес электрондық (цифрлық) тахографтарға карточкалардың үлгілерін және сәйкестік, қауіпсіздік және үйлесімділік сертификаттарын ұсынады.

107. Карточканы дайындаушы:

1) электрондық (цифрлық) тахографтарға берілген, қолданыстағы, жоғалған және алмастырылған карточкалар туралы деректерді жазады;

2) басқа тұлғаларға карточканың PIN-кодын жарияламайды;

3) карточкалардың басқа тұлғалардың қолдану мүмкіндігі туралы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға хабарлайды;

4) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру бойынша орындалған жұмыстар туралы ақпаратты тіркеу және есепке алу журналын жүргізеді.

108. Карточкаларды дайындаушы бағдарламалық-техникалық құралдарды Электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқорға қосуды қамтамасыз етеді.

109. Карточкалар өзінің функционалдық мүмкіндіктері бойынша мынадай түрлерге бөлінеді:

1) жүргізуші карточкасы;

2) тасымалдаушы карточкасы;

3) сервис орталығының карточкасы;

4) бақылау карточкасы.

110. Карточканың графикалық ресімделуі КҚЕК-нің 1 В-қосымшасына сәйкес оларға қойылатын талаптарға сәйкес келуі қажет.

111. Карточка реңінің түстік бояуында оның түріне байланысты мынадай түстер басым болады:

1) жүргізуші карточкасы – ақ түс;

2) тасымалдаушы карточкасы – сары түс;

3) бақылау карточкасы – көк түс;

4) сервис орталығы карточкасы – қызыл түс.

112. Барлық түрдегі карточкалар беткі жағында кем дегенде:

1) карточка типінің атауы және "Қазақстан Республикасы" деген жазу;

2) "Бәйтерек" символының бейнесі;

3) карточка ұстаушының суреті мен қолын көрсету үшін орын;

4) реңнің гильоширлік суреті;

5) "Қазақстан Республикасы" деген микро мәтіні бар гильоширлік жолақтар болуы қажет.

113. Жүргізуші карточкасының сыртқы жағында:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жүргізуші карточкасында көрсетілетін мәтіндік ақпарат;

2) реңктің гильоширлік суреті;

3) КҚЕК талаптарына сәйкес ресми бекітілген белгі;

4) "...қайтаруды өтінеміз" деген жазу, карточканы берген мекеменің атауы мен орналасқан жері;

5) карточка жасаушының атауы және өндіруге берілген тапсырыс нөмірі болуы қажет.

114. Тасымалдаушы карточкасының сыртқы жағында:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес автомобиль тасымалдаушысының карточкасында көрсетілетін мәтіндік ақпарат;

2) реңктің гильоширлік суреті;

3) КҚЕК талаптарына сәйкес бекітілген ресми белгі;

4) "...қайтаруды өтінеміз" деген жазу, карточканы берген ұйымның атауы мен орналасқан жері;

5) карточка жасаушының атауы және өндіруге берілген тапсырыс нөмірі болуы қажет.

115. Бақылау карточкасының сыртқы жағында:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес бақылау карточкасында көрсетілетін мәтіндік ақпарат;

2) реңктің гильоширлік суреті;

3) КҚЕК талаптарына сәйкес бекітілген ресми белгі;

4) "...қайтаруды өтінеміз" деген жазу, карточканы берген ұйымның атауы мен орналасқан жері;

5) карточка жасаушының атауы және өндіруге берілген тапсырыс нөмірі болады.

116. Сервис орталығының карточка бланкісінің сыртқы жағында:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес сервис орталығының карточкасында көрсетуге арналған мәтіндік ақпарат;

2) реңктің гильоширлік суреті;

3) КҚЕК талаптарына сәйкес бекітілген ресми белгі;

4) "...қайтаруды өтінеміз" деген жазу, карточканы берген ұйымның атауы мен орналасқан жері;

5) карточка жасаушының атауы және өндіруге берілген тапсырыс нөмірі болуы қажет.

117. Жүргізуші карточкасының беткі жағы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жүргізуші карточкасында көрсетілетін мәліметтермен толтырылады.

118. Жүргізуші карточкасының беткі жағында карточка ұстаушының суреті мен қолы қойылады. Сурет орналасатын жерде гильоширлік рең сурет бейнесіне қойылады.

119. Тасымалдаушы карточкасының беткі жағы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес автомобиль тасымалдаушысының карточкасында көрсетілетін мәліметтермен толтырылады.

120. Бақылау карточкасының беткі жағы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес бақылау карточкасында көрсетілетін мәліметтермен толтырылады.

121. Сервис орталығы карточкасының беткі жағы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес сервис орталығының карточкасында көрсетуге арналған мәліметтермен толтырылады.

122. Бақылау карточкасының беткі жағында карточка ұстаушының суреті және қолы қойлады. Сурет орналасатын жерде гильоширлік реңк сурет бейнесіне қойылады.

123. Карточкаларды сертификаттау КҚЕК 1В-қосымшасының VIII бөлімінде көрсетілген рәсімдерге сәйкес жасалады.

124. Өтініш берушіге бірінші рет карточка беру жағдайында карточканың нөмірінде "0" қойылған реттік индексі (қажетті жағдайда), ауыстыру индексі және қайта жаңарту индексі болады.

125. Егер бір бақылау органына, бір сервис орталығына немесе бір тасымалдаушыға барлық жекешеленбеген карточкалар берілген жағдайда, карточка нөмірлерінің алғашқы 13 саны бірдей, бірақ реттік индексі өзге болады.

126. Бар карточканы ауыстыру тәртібімен берілген карточкада 1-ге көбейетін (0, ..., 9, A, ..., Z тәртібімен) ауыстыру индексінен басқа ауыстырылған карточканың нөміріндей нөмір болу керек.

127. Бар карточканы ауыстыру тәртібімен берілген карточкада жұмыс істейтін аяқталу мерзімі ауыстырылған карточканың жұмыс істейтін аяқталу мерзімімен бірдей болады.

128. Бар карточканы қайта жаңарту тәртібімен берілген карточканың номерінде "0" қойылған реттік индексінен және 1-ге көбейетін (0, ..., 9, A, ..., Z тәртібімен) ауыстыру индексінен басқа қайта жаңартылған карточканың нөміріндей нөмір болады.

129. Қолдану мерзімін ауыстыру мақсатында бар карточканы ауыстыру қайта жаңарту ережелеріне сәйкес дайындалады, егер ол сол КҚЕК Келісетін жақта болса немесе карточканы бірінші беру ережелеріне сәйкес, егер ол басқа КҚЕК Келісетін жақта болса.

130. Егер сервис орталығының жекешеленбеген карточкалары немесе бақылау карточкалары берілген жағдайда "card holder surname" (карточка ұстаушысының тегі) позициясында сервис орталығының немесе бақылау органының атауы қойылады.

131. Карточкаларды беру және олардың күшін жою КҚЕК және оның 1В-қосымшасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

132. Карточкалар беруді карточкаларды дайындаушы жүзеге асырады.

133. Карточкалардың күшін жою туралы шешім қабылдауды автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

134. Карточкаларды беру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- 1) бірінші рет берілген кезде – осы Қағидаларға сәйкес белгілі мерзімге;
- 2) бұрынғы карточканың жұмыс істеу мерзімі аяқталғаннан кейін;
- 3) бұрынғы карточканы жасау кезінде карточкаларды дайындаушыға берілген деректер өзгергенде;
- 4) егер сервис орталығы карточкасының PIN-коды жоғалғанда немесе үшінші тұлғаларға белгілі болған уақытта;
- 5) егер карточка жоғалса, ұрланса немесе бүлінсе.

135. Жүргізуші карточкасы Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе Қазақстан Республикасының аумағында күнтізбелік жылдың 185-тен кем емес күнтізбелік күнінен тұратын және Қазақстан Республикасында тұрақты немесе уақытша тұруға рұқсат етілген азаматтығы жоқ көлік құралдарын басқаратын жеке адамдарға беріледі.

136. Көлік құралын басқаратын жеке адам тек қана жұмыс істейтін бір карточкаға ие бола алады.

137. Жүргізуші карточкасы бес жылғы мерзімге беріледі.

138. Жүргізуші карточкасын беру үшін карточкаларды дайындаушыға мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізушінің карточкасын жасауға арналған өтініш;
- 2) бет пішіні танымал анық суреті бар нотариалдық куәландырылған төлқұжаттың немесе жеке басын куәландыратын басқа куәліктің көшірмесі;
- 3) бет пішіні танымал анық суреті бар Қазақстан Республикасы жүргізуші куәлігінің немесе шетел мемлекетінің механикалық көлік құралдарын басқаруға халықаралық жүргізуші куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) карточканың жоғалу (ұрлану) немесе бүліну туралы карточканың жоғалу (ұрлану) жағдайында жоғалуды (ұрлануды) растайтын құжатпен қоса еркін түрдегі өтініш;
- 5) Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсаттың немесе шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаттың нотариалды расталған көшірмесі;
- 6) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес карточканы жасауға арналған қажетті фотосуретке қойылатын талаптарға жауап беретін фотосурет.

139. Тасымалдаушы карточкасы Қазақстан Республикасында тіркелген және КҚЕК талаптарына сәйкес электрондық (цифрлық) тахографпен жабдықталған көлік құралдарын қолданатын тасымалдаушыға беріледі.

140. Тасымалдаушы карточкасы бес жылғы мерзімге беріледі.

141. Тасымалдаушы карточкасын беру үшін карточкаларды дайындаушыға мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша автомобиль тасымалдаушысының карточкасын жасауға арналған өтініш;

2) карточканың жоғалу (ұрлану) немесе бүліну туралы мән-жайды көрсетіп карточканың жоғалу (ұрлану) жағдайында жоғалу (ұрлану) фактісін растайтын құжатпен қоса еркін түрдегі өтініш;

3) заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың не куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

142. Сервис орталығының карточкасы тахографты орнататын және оларға қызмет көрсететін сервис орталықтарында жұмыс істейтін және осы Қағидалардың 97-тармағына сәйкес оларға қойылған талаптарды қанағаттандыратын жеке тұлғаларға беріледі.

143. Сервис орталығының карточкасын беру үшін карточкаларды дайындаушыға мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сервис орталығының карточкасын жасауға арналған өтініш;

2) бет пішіні танымал анық суреті бар карточка ресімделетін қызметкердің нотариалды куәландырылған төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын басқа куәлігінің көшірмесі;

3) заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың не куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) карточканың жоғалу (ұрлану) немесе бүліну туралы мән-жайды көрсетіп карточканың жоғалу (ұрлану) фактісін жағдайында жоғалу (ұрлану) фактісін куәландыратын құжатпен қоса еркін түрдегі өтініш;

5) сервис орталығының карточка ресімделетін сервис орталығы қызметкерінің еңбек кітапшасының немесе қызметкер мен сервис орталығының арасындағы қызметтік қарым-қатынасты куәландыратын басқа құжаттың өтініш беруші қолымен және мөрімен куәландырылған көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсаттың немесе шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

7) электрондық (цифрлық) тахографты шығарушы немесе ол уәкілеттік берген ұйым сервис орталығының қызметкеріне берген, сервис орталығы қызметкерінің тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың (сертификаттың) нотариалды куәландырылған көшірмесі.

144. Бақылау карточкасы автомобиль көлігі саласындағы және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша уәкілетті органдардың қызметкерлеріне беріледі.

145. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның инспекторы не жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша уәкілетті органның инспекторы қолданыстағы бір бақылау карточкасын ғана иелене алады.

146. Бақылау карточкалары екі жыл мерзімге беріледі.

147. Бақылау карточкасын беру үшін карточкаларды дайындаушыға мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Қағидаларға сәйкес 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау карточкасын жасауға арналған өтініш;

2) бет пішіні танымал анық суреті бар карточка ресімделетін қызметкердің төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын басқа куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) карточканың жоғалу (ұрлану) немесе бүліну туралы мән-жайды нұсқап карточканың жоғалу (ұрлану) жағдайында жоғалу (ұрлану) фактісін растайтын құжатпен қоса еркін түрдегі өтініш;

4) жазбаша сұраным;

5) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес тиісті талаптарға жауап беретін қызметкерлердің фотосуреті.

148. Карточканы дайындаушы 15 жұмыс күннен кешіктірмей тиісті құжаттарды бергеннен кейін жүргізушінің, тасымалдаушының, сервис орталығының карточкаларын немесе бақылау карточкасын беруді не оларды беруден дәлелді бас тартуды жүзеге асырады.

149. Карточканы беруге өтініш қоса берілген құжаттардағы деректерге сәйкес толтырылады.

150. Өтініш шарикті қалам арқылы үлкен баспа әріптермен және араб цифрларымен немесе компьютерлік техниканы пайдалану арқылы толтырылады. Әріптер мен цифрлар оларға арналған орындарға дәл жазылады. Өтінішті шарикті қалам арқылы толтырылған уақытта көк немесе қара сия пайдаланылады.

151. Өтініш беруші толық байланыс ақпараты (байланысатын тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты, толық пошталық мекенжайы, байланыс телефон, электронды пошта мекенжайы) және бұрын тапсырған құжаттар бойынша толық ақпараты бар (құжаттарды қабылдаудан бас тарту себебінен оларды қайта тапсыру жағдайында) құжаттарды тапсырады.

152. Егер бұрынғы карточканы берген кезде карточканы дайындаушыға берілген деректер өзгерсе, карточканы беруге арналған өтініш тиісті өзгерістер енгізілген сәттен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей беріледі.

153. Фотосурет осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкес болуы тиіс

154. Карточканы дайындаушы осы Қағидалардың 144, 147, 149 және 153-тармақтарында көрсетілген өтініш беруші ұсынған құжаттардағы деректерді тіркейді.

155. Берілген карточкаларды және карточкаларды беруге арналған өтініштерді тіркеуді карточкаларды дайындаушы арнайы журналда жүргізеді.

156. Карточкаларды дайындаушы карточка беру үшін алынған өтініштер жөнінде тіркелген деректерді автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

157. Карточканы беру карточка алу үшін осы Қағидаларда көрсетілген барлық жағдайлар қамтамасыз етілген кезде жүзеге асырылады.

158. Карточканы беруден бас тартудың негіздері:

- 1) карточканы дайындау үшін төлем ақы төленбеген;
- 2) осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген автокөлік құралдарымен тасымалдарды жүзеге асырған кезде;
- 3) өтініш берушіде қолдану мерзімі бір айдан асатын қолданыстағы карточканың бар болуы.

159. Берілген карточкалар жөніндегі құжаттар карточкалардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін карточкаларды дайындаушыда сақталады.

160. Карточкалардың күшін жою немесе күшін жоюдан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, карточкаларды дайындаушы ол туралы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органды және карточканы ұстанушыны хабардар етеді.

161. Карточкаларды дайындаушы берілген және күші жойылған карточкалар туралы деректерді электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқорға енгізеді.

162. Карточканы дайындаудан бас тарту, оның күшін жою немесе күшін жоюдан бас тарту туралы хабарламаға осындай шешім қабылдауға не себеп болғаны туралы баяндау қоса беріледі.

163. Карточканы ұрлатып немесе жоғалтып алған жағдайларды қоспағанда, карточканың күші жойылған жағдайда, карточканы ұстаушы оны күнтізбелік 15 күннің ішінде карточкаларды дайындаушыға қайтарады.

164. Карточка мынадай жағдайларда жарамсыз деп танылады:

- 1) оның қолдану мерзімі біткенде;
- 2) карточканы беру кезінде карточкаларды дайындаушыға ұсынған деректер өзгергенде;
- 3) карточка атына тіркелген сервис орталығы қызметкерімен еңбек шарттары бұзылғанда;
- 4) сервис орталығының PIN-коды жоғалғанда немесе үшінші жаққа белгілі болғанда ;
- 5) оның күшін жою туралы шешім қабылдаған кезде.

165. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган карточканың күшін жою туралы шешімді мынадай жағдайларда қабылдайды:

- 1) егер карточканың шындыққа сәйкес келмейтін деректердің негізінде берілгені анықталса;
- 2) егер ұстаушы немесе өзге адамдар карточкаға заңсыз өзгерістер енгізсе;
- 3) оның ұстаушысы болып табылмайтын адам карточканы пайдаланса;

4) карточканы ұстаушының қайтыс болған, тасымалдаушының, сервис орталығының немесе автомобиль көлігі және жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдарының таратылған (қызметін тоқтатылған) жағдайда;

5) тізілімнен алынып тастаған жағдайда;

6) егер карточканы ұстаушыдан карточканың бүлінуі, ұрлануы және жоғалуы туралы ресми хабарлама келсе немесе оның күшін жоюға басқа себептер болса;

7) егер өтінім беруші өтінім берген күнінен бастап 6 ай ішінде карточканы алуға келмесе;

8) егер карточка ұстаушыда Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға берілген рұқсаттың күші жойылса.

166. Карточканың күші жойылған жағдайда, өтініш беруші карточканы алу үшін осы Қағидаларда көзделген тәртіппен карточкаларды дайындаушыға өтініш жасай алады.

167. Карточка ұстаушы:

1) КҚЕК талаптарына сәйкес карточканы пайдалану тәртібін сақтайды;

2) карточканы тек мақсатқа сай қолданады;

3) тек өз карточкасын қолданады;

4) карточканы пайдалануға үшінші адамға бермейді;

5) карточканы атмосфералық қар-жаңбырдан, механикалық және өзге де зақымданулардан, күшті электромагнитті өрістен, жылу әсерінен сақтауды қамтамасыз етілетін жағдайларда пайдаланылады;

6) сервис орталығы (шеберхана) карточкасының PIN-кодын үшінші адамдарға бермейді;

7) егер карточканың PIN-коды жоғалған болса немесе үшінші тұлғаға белгілі болса, жаңа карточка алуға карточкаларды дайындаушыға құжаттар тапсырады не карточканың күшін жоюға еркін түрде жазбаша өтініш береді;

8) карточканың бүліну, жоғалу немесе ұрлану фактілері белгілі болғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде карточкаларды дайындаушы жаңа карточканы беруге немесе карточканың бүліну, жоғалу немесе ұрлану жағдайын көрсету арқылы еркін нысандағы жазбаша өтініш және карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда, карточканың жоғалғанын не ұрланғанын растайтын құжаттарды береді;

9) егер осы Қағидаларға 6 – 9 қосымшаларда көрсетілген деректер өзгерсе, күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей карточкаларды дайындаушыға жаңа карточканы беруге құжаттарды не карточканы жоюға еркін нысандағы жазбаша өтініш береді;

10) карточка жарамсыз болып табылғанда оның қолдануын тоқтатады.

7. Электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқордың жұмыс істеу тәртібі

168. Электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқор автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның қарамағында болады.

169. Электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқорда электрондық (цифрлық) тахографтарға берілген, қолданыстағы, жоғалған және ауыстырылған карточкалардың және сервис орталықтары автокөлік құралдарына орнатқан электрондық (цифрлық) тахографтардың есепке алынуы жүргізіледі.

170. Көліктік бақылауды жүзеге асыру кезінде анықталған жүргізушілердің еңбегі мен демалыс режимдерінің бұзушылықтары Электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқорда белгіленеді.


171. Карточкаларды жасауға өтініш берілген кезде өтініш берушіде карточкалардың болуы немесе болмауы КҚЕК-ге мүше мемлекеттер арасындағы деректердің сенімді және қорғалған алмасуын қамтамасыз ететін Еуропалық комиссиясының Бірлескен зерттеу орталығының "TANOnet" телематикалық желісіне сұрау салу арқылы Электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқорда тексеріледі.

172. Электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқорға барлық жазуды автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын оператор жүзеге асырады.

Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларына
1-қосымша

Диagramмалық диск

Беткі жағы Сыртқы жағы



Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
қолдану қағидаларына
2-қосымша

Диаграммалық дискіні толтыру тәртібі

1. Жұмыс күнінің басында әрбір жүргізуші жаңа диаграммалық дискінің ортаңғы бөлігін қолдан жазып, алдын ала толтыруы тиіс:

1)



- тегі, аты, әкесінің аты;

2)



- жөнелту пункті;

3) **Dat.** – дискінің орнатылған күні (сызықшаның үстінде);

4) **NO** – автокөлік құралының тіркеу нөмірі;

5)



- жүрген жол есептегішінің бастапқы көрсеткіштері.

2. Тәуліктік жұмыс аяқталғаннан кейін диаграммалық дискті бақылау құрылғысынан алып, мынадай жазулармен толықтыру керек:

6)



- келу пункті;

7) **Dat.** - дискінің алынған күні (сызықшаның астында);

8)



- жүрген жол есептегішінің соңғы көрсеткіштері;

9) **КМ** – сапар бойынша есептелген жол жүру.

3. Бір жұмыс күн ішінде автокөлік құралын ауыстыру кезінде диаграммалық дискінің арғы жағының ортаңғы бөлігі қолдан жазылып толтырылады:


1)



- автокөлік құралының ауыстырылған уақыты;

2) **NO** - жаңа автокөлік құралының тіркеу нөмірі;

3)



- жүрген жол есептегішінің бастапқы көрсеткіштері;

Осылай толтырылған диаграммалық диск басқа автокөлік құралының бақылау құрылғысына көшіріледі. Сапар аяқталғаннан кейін дискіні деректермен толтыру қажет :

4)



- жүрген жол есептегішінің соңғы көрсеткіштері;

5) **КМ** - сапар бойынша есептелген жүрген жол.

Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
қолдану қағидаларына
3-қосымша

ATTESTATION OF ACTIVITIES* / FORMULAIRE D'ATTESTATION D'ACTIVITÉS*
ҚЫЗМЕТТІ РАСТАУ БЛАНКІСІ*

(ЕК) 561/2006 регламенті немесе КҚЕК**)/

(REGULATION (EC) 561/2006 OR THE AETR **)

Басылымды латын әріптерімен толтырып рейске дейін қол қою/ To be filled in by typing in

Latin characters and signed before a journey

Сақталуы тиіс бақылау құрылғыларының жазбаларына қоса беру / To be kept with the original

control device records wherever they are required to be kept Растау бланкінің қолдан жасалуы

құқық бұзушылық болып табылады / False attestations constitute an infringement

<p>Кәсіпорын толтыру қажет бөлім (Part to be filled in by the undertaking)</p> <p>1. Кәсіпорын атауы /Name of the undertaking.....</p> <p>2. Көше, пошталық индекс, қала /Street address, postal code, city.....</p>	<p>Мемлекет /Country:</p>
<p>Мемлекет/Country:</p>	
<p>3. Телефон нөмірі (халықаралық кодты қоса алғанда)/Telephone number (including international prefix).....</p> <p>4. Факс нөмірі (халықаралық кодты қоса алғанда)/Fax number (including international prefix).....</p> <p>5. Электронды поштаның мекенжайы /e-mail address: Мен, төменде қол қоюшы (I, the undersigned):.....</p> <p>6. Тегі және аты/ Name and first name:.....</p> <p>7. Кәсіпорындағы лауазымы/Position in the undertaking: жүргізуші/declare that the driver:.....</p> <p>8. Тегі және аты/Name and first name:.....</p> <p>9. Туған жылы: (день/месяц/год)/ Date of birth (day/month/year):.....</p> <p>10. Жүргізуші куәлігінің нөмірі немесе жеке куәлігі немесе тәлқұжатының нөмірі/Driving licence or identity card or passport number.....</p> <p>11. Кәсіпорында жұмыс істей бастады (күні/айы/жылы)/ who has started to work at the undertaking on (day/month/year) кезең ішінде /for the period:</p> <p>12. (сағ/күні/ай/жыл)-дан / from (day/month/year):</p> <p>13. (сағ/күні/ай/жыл)-дейін / to (day/month/year):</p> <p>14. - денсаулығы жарамсыздығына байланысты демалыста болды *** / was on sick leave</p> <p>15. - жыл сайынғы демалыста болды ***/ was on annual leave)</p>	

Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
қолдану қағидаларына
5-қосымша

Тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген белгінің нысаны, мазмұны және бедері

1. Нысан белгісі - төртбұрышты:

1) ұзындығы 2,5 сантиметр;

2) ені 1,5 сантиметр;

3) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырыла бастағаны туралы хабарлама берген жеке немесе заңды тұлғалардың (бұдан әрі – сервистік орталық) атауын төртбұрыштың жоғарғы бөлігінде 7 миллиметр аралығында көрсету қажет;

4) елдің халықаралық аббревиатурасы мен сервистік орталықтың нөмірін төртбұрыштың астыңғы бөлігінде 8 миллиметр интервалында көрсету қажет.

2. Белгінің мазмұны: сервистік орталықтың атауы көрсетіледі.

3. Белгінің бедері: елдің халықаралық аббревиатурасы және сервистік орталығының нөмірі - KZ 000.

4. Белгінің нысаны, мазмұны және бедері 1 суретте көрсетілген.

1 сурет



Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларына 6-қосымша

Жүргізуші карточкасында көрсетілетін ақпарат

1.	Тегі
2.	Аты және әкесінің аты
3.	Туған күні
4а.	Карточканың берілген күні
4б.	Карточканың қолданылу мерзімінің аяқталу күні
4с.	Карточканы берген ұйымның атауы
5а.	Жүргізуші куәлігінің нөмірі

5b.	Карточка нөмірі
6.	Жүргізушінің фотосуреті
7.	Жүргізушінің қолы

Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
қолдану қағидаларына
7-қосымша

Автомобиль тасымалдаушысының карточкасында көрсетілетін ақпарат

1.	Автомобиль тасымалдаушысының атауы
4a.	Карточканың берілген күні
4b.	Карточканың жұмыс істеу мерзімінің аяқталу күні
4c.	Карточканы берген ұйымның атауы
5b.	Карточка нөмірі
8.	Автомобиль тасымалдаушысының орналасқан жері

Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
қолдану қағидаларына
8-қосымша

Бақылау карточкасында көрсетілетін ақпарат

1.	Бақылаушы органның атауы
4a.	Карточканың берілген күні
4b.	Карточканың қолданылу мерзімінің аяқталу күні
4c.	Карточканы берген ұйымның атауы
5b.	Карточка нөмірі

8.	Бақылаушы органның орналасқан жері
----	------------------------------------

Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
колдану қағидаларына
9-қосымша

Сервис орталығының карточкасында көрсетуге арналған ақпарат

1.	Сервис орталығының атауы.
2.	Тегі.
3.	Аты және әкесінің аты.
4а.	Карточканың берілген күні.
4б.	Карточканың қолданылу мерзімінің аяқталу күні.
4с.	Карточканы берген ұйымның атауы.
5б.	Карточканың нөмірі.
6.	Сервис орталығы қызметкерінің фотосуреті.
7.	Сервис орталығы қызметкерінің қолы.
8.	Сервис орталығының орналасқан жері.

Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
колдану қағидаларына
10-қосымша

Нысан

ЖК	ЖК	ЖҮРГІЗУІ КАРТОЧКА ЖАСАУ АРНАЛҒАН ӨТІНІШ
ЖК		

Жүргізушінің суреті	Жүргізушінің суреті
Жүргізушінің суреті	

1. Жүргізушінің деректері

Фамилия		
---------	--	--

Тегі		
------	--	--

Surname		
---------	--	--

Имя		
-----	--	--

Аты		
-----	--	--

Given names		
-------------	--	--

Отчество		
----------	--	--

--	--

Телефон (жұм.)																				

Телефон (үй)																				

2. Тұратын орны

Пошта индексі																				

Облысы																				

Ауданы																				

Елді мекені																				

Көшесі																				

Үй																					Корпус

Берілген күні			

Мынаған дейін қолданылады		

Карточка нөмірі	
-----------------	--

Карточка мәртебесі

жарамды - жарамсыз - ұрланған/жоғалған -

5. Карточканы алу:

1. Алғашқы рет -

2.

Қайта		Себебі

Мен растаймын:

- жүргізуші карточкасын пайдаланудың қағидаларымен және шарттарымен таныстым және келісемін;

- өтініште көрсетілген және қосымша берілген құжаттардағы ақпараттар дұрыс және толық.

Күні		
------	--	--

Өтініш берушінің колы	

Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
қолдану қағидаларына
11-қосымша

Нысан

КП	КП	АВТОМО ТАСЫМАЛ КАРТОЧКА АРНАЛҒАН
КП		

1. Автомобиль тасымалдаушысының деректері

Автомобиль тасымалдаушысының атауы

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Автомобиль тасымалдаушысының орналасқан жері

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Автомобиль тасымалдаушысының пошталық мекенжайы

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Тел. Факс	



Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Нөмір															

Берілген күні											-	

Берген															

Цифрлы тахографтармен жабдықталған көлік құралдарының саны												

Кәсіпорын басшысы

Тегі															

Аты															

Әкесінің аты															

2. Бұрын берілген карточка

Карточканың иесі болып табыласыз ба

Ия - Жоқ -

Кәсіпорында б а р карточкалардың саны		

3. Карточканы алу:

1. Алғаш рет -

2.

Қайта		Себебі :

Карточкалар саны		

Мынаны растаймын:

- жүргізуші карточкасын пайдаланудың қағидаларымен және шарттарымен таныстым және келісемін;

- өтініште көрсетілген және қосымша берілген құжаттардағы ақпарат дұрыс және **ТОЛЫҚ**

Күні			

Өтініш берушінің колы	

Берілген күні	

Берген	

Сервис орталығы басшысының дербес деректері

Тегі	

Аты	

Әкесінің аты	

Сервис орталығы қызметкерінің дербес деректері

Фамилия	
Тегі	
Surname	

Имя	

--	--

Карточканың нөмірі	

Карточканың мәртебесі
жарамды - жарамсыз - ұрланған/жоғалды -

3. Карточканы алу:

1. Алғаш рет -

2.

Қайта		Себебі :

Мынаны растаймын:

- жүргізуші карточкасын пайдаланудың қағидаларымен және шарттарымен таныстым және келісемін;

- өтініште көрсетілген және қосымша берілген құжаттардағы ақпарат дұрыс және **ТОЛЫҚ**

Күні		-	

Сервис орталығы басшысының қолы	

Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды

Әкесінің аты	
--------------	--

2. Бұрын берілген карточка

Карточканың иесі болып табыласыз ба

Ия - Жоқ -

Қолда бар карточканың саны	
----------------------------	--

3. Карточканы алу:

1. Алғаш рет -

2.

Қайта		Себебі :

Карточканың саны	
------------------	--

Мынаны растаймын:

- жүргізуші карточкасын пайдаланудың қағидаларымен және шарттарымен таныстым және келісемін;

- өтініште көрсетілген және қосымша берілген құжаттардағы ақпарат дұрыс және **ТОЛЫҚ**

Күні	

--

Қолы	

Жүргізушілердің еңбегі мен
тынығуын ұйымдастыру,
сондай-ақ тахографтарды
қолдану қағидаларына
14-қосымша

Карточканы жасауға арналған қажетті фотосуретке қойылатын талаптар

Фотосурет мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1. Өлшемі 45 x 35 мм ± 1 мм.
2. Фотосуретте ақ бұрыш болмауы тиіс.
3. Фотосуреттегі бет-жүзінің өлшемдері:
көз қарашығының арасындағы қашықтық 6 ± 3 мм;
көздің ортаңғы сызықшасынан иек сызықшасына дейінгі қашықтық (шеткі нүктелер) 15 ± 2 мм;
бас пен фотосуреттің жоғарғы шетінің арасындағы қашықтық 6 ± 2 мм.
4. Фотосурет түрлі-түсті болуы тиіс.
5. Фотоқағаз тегіс, жылтыр немесе орташа күңгірт.
6. Фотосурет реңі біркелкі болуы тиіс.
7. Жарық түсіру бет-жүзінің екі жағынан бірдей болуы тиіс.
8. Бейне анық, сызатсыз және ақаусыз болуы тиіс.